

Бекітемін

«Армантай» бөбекжай  
балабақшасының меңгерушісі

Усєбова Л.Р.



Тәрбиешілер Юнусметова Ш

Бортанова А

2021-2022 оқу жылы

Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс - шара  
"Ертегілер әлеміне саяхат"

**Мақсаты:** Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір - бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

**Көрінісін:** нақыл сөздер, ертегі кейіпкерлері, түрлі - түсті шарлар,  
**Суреттер** «Бала деген бір бақыт»

**1-жүргізуші:** Армысыңдар балалар, бармысыңдар,  
Жаз да келді, жайнаған гүлді шырлар  
Алдыменен алайық амандасып,  
Армысыңдар бәрің де, армысыңдар!

**2-жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, мерекеге жиналған қонақтар,  
балалар!

Баршамызды бала тілмен баурайтын,  
Бала деген бір бақыт қой самғайтын  
Ата - ананың арманы мен тілегін,  
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын  
Сүйкімді періштелер сендерсің  
Қандай бейне өздеріне тең келсін!  
Данышпанда, ғарышкерде, ғалымда,  
Ең алдымен балалықты меңгерсін.

**1-жүргізуші:** «1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні»  
-Балаларды қорғау дегеніміз-әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Бұлтсыз күн, ашық аспандай, нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе екен, олардың жүректерін қайғы мұң шалмаса екен!

Қазмбатты балалар! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын!  
Бүгін біз сендермен ертегілер әлеміне қонаққа бармыз. Балалар қарандаршы сиқырлы періште қонаққа келіңгі.

**Сиқырлы періште:** Сәлеметсіздерме балалар!  
Балалар мен сендерге жұмбақ жасырып ойнағым келіп тұр. Шешуін тапсаңдар ертегілер әлемінің кейіпкерлері сендерге қонаққа келеді.

**Жүргізуші:** Бүгін сіздер мен біздің «Балаларды қорғау күніне арналған» үлкен көңілді мейрамымыз. Біз ойын ойнаймыз, өлең айтамыз, би билейміз және бізге тамаша қонақтар келіп қатысады.

**-Жүргізуші:** Көк аспанда күн күлсін,  
Бізге күлсін бүлдіршін

Көк аспанда күн күлсін  
Жерге ұдайы нұр құйсын!

**Жүргізуші:** Балалар, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Бұл кім екен?

**Балалар:** Күн

**Күн:** Сәлеметсіздерме балалар! Сіздерді көргеніме өте қуаныштымын!  
Балалар, сіздерге арайлы күн, ашық аспан тілеймін!

**Жүргізуші:** Ал, балалар барлығымыз бірігіп «Әрқашан күн сөнбесін» әнін орындайық.

**Ән «Әрқашан күн сөнбесін»**

Ақылды балапан бүгінгі,  
Көркейтер күніңді ертеңгі,  
Үйренген өнерін көрсетсін  
Бүлдіршін балалар белсенді.  
Ендігі кезекті орталықтың бүлдіршіндеріне берейік.

**Би:** Балапандар биі

1. Арайлап таң атты,  
Қайырлы таң, балалар!  
Алтын шапақ таратты,  
Қайырлы таң, балалар!  
Әлемде нұр – тыныштық,  
Әрбір бейбіт күн ыстық!  
Қайырлы таң, балалар!

2. Жарқырады қаламыз,  
Жайнай түсті даламыз,  
Қайырлы таң, балалар!  
Аман Отан панамыз,  
Аман ата-анамыз,  
Қайырлы таң, балалар!

4. Бала, бала, баламыз  
Бакшамызға барамыз  
Күні – бойы қызыққа  
Батамыз да қаламыз.

5. Мен гүлдерді жұлмаймын  
Торғайларды қумаймын  
Айтқан сөзді тыңдаймын  
Апашымды сыйлаймын



Гулим

.Көжегім тұршы  
Бетінді жушы,  
Айнаға карашы,  
Шашынды тарашы.

Абдуллах

.Алма сыйлап бөбекке  
Алма ағаштар сарғайған  
Төгілген тер шелектеп  
Көрінеді маңдайдан.

.Балалар бақшасында бүгін той!  
Балаларды қорғау күні біліп қой  
Талшын

Біз өнерлі баламыз  
Би де билей аламыз  
Өлең де айта аламыз  
Біз өнерпаз баламыз

-Жүргізуші: Иә, рас, бала болған бәрі де,  
Салған олар балалықтың әнін де.  
Бала кезін еске алып отырсақ,  
Сол емес пе тіршіліктің мәні де!

**Сайқымазақ улап-шулап жүгіріп шығады.**

**Сайқымазақ**

Бұл не мереке? Нені тойлап жатырсындар? Маған неге айтпадыңдар, а?  
Менсіз ешқандай мереке болмайды?

**1-жүргізуші:** Тоқта, тоқта, сен кімсің өзі біздің мерекені бұзатын? Бүгін  
үлкен мереке, біз оны тойлаймыз, ешкім кедергі бола алмайды! Бізбен бірге  
тойлаймыз десең, онда тәртіп сақта.

Балалар, сайқымазақты қалдырамыз ба?

**Балалар:** Қалдырамыз.

**1 сайқымазақ:** Балалар, мен сендерге жол бойы гүл теріп келдік. Бірақ бұл  
карапайым гүл емес, өзгеше гүл. Әр гүлде жұмбақ жасырылған, қазір мен  
оларды сендерге жасырамын

**Жұмбақтар:**

Аспандағы алып доп,  
Жарқырайды жарық боп. (Күн)

Ішін желмен толтырдым,  
Қуалап жүріп болдырдым. (Доп)

Қанаты жоқ – ұшады,  
Аяғы жоқ - қашады. (Жел)

Қыс бойына жатады,  
Тәтті ұйқыға батады. (Аю)

Отқа жанбайды,  
Суға батпайды (Мұз)

Ағайынды бәрі.  
Шыкса жасыл,  
Түссе сары. (Жапырақ)

Киелі бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар (Түйе)

Қардай аппак  
Балдай тәтті-ак (Қант)

**1-жүргізуші:** Балалар, сайықмазақ бізге гүл сыйлады, енді біз оларға ән сыйлайық.

**Ән «Балапан»**

**Күн:** балалар, менде күрқол келдген жоқпын. Сендерге арнап ойын әкелдім. Ойнаймыз ба?

**Ойын:** «Күн мен түн»

**2-жүргізуші:** Ал енді ортаға кішкентай бүлдіршіндерімізді шақырып, дайындаған билерін тамашалайық.

**« Қыздар мен ұлдар биі »**

**сайқымазақ:** Қымбатты балдырғандар, барлығыңызды көңілді ойын ойнауға шақырамыз. Ойын жылдамдыққа арналған. *(Сахна төріне ойын ойнауға құлшынып тұрған 10 бала шақырылады.)*

Балалар, ойымыздың аты «Батпақ» деп аталады. Ойынның шартымен таныстырайын. Екі топқа бөлініп тұрамыз. Мына алаңды батпақ басып жатыр деп есептейік. Сендер берілген жерге дейін баптақтан мына

қағаздарды басып кана өте аласыздар. Түсінікті ме, балалар. Қағазды қолыңа аласың, аяғыңның астына қоясың. Солай берілген жерге дейін жетіп, қағаздарды қолыңа алып, жүгіріп келіп өз тобыңның келесі ойыншысына беруің керек. Ойын осылай жалғаса береді. Қай топ бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді. Ал, ойынды бастайық.

**1-жүргізуші:** Қазақстан, сенсің менің сайран бағым  
Кетпестей кіндігімнен байланғанмын  
Табысың, тамашаң да толып жатыр,  
Баяндап тауысайын қайдан бәрін. «Балауса» тобының  
орындауында «Балдырған» әнін қабыл алыңыздар.

**1-жүргізуші:** Көк жиектен күлімдеп,  
Маусымның таңы атты  
Тұра қойшы күнім – деп,  
Анаң сені оятты –  
Даналардың тілегі,  
Балалардың тілегі  
Ауырмасын ешқашан  
Аналардың жүрегі.  
Балалар, ата-аналарың сендерге сыйлық дайындап келіпті. Қабыл алындар.

**1-жүргізуші:** Осымен «Біз бақытты баламыз» атты мерекелік іс - шарамыз аяқталды.





























